

"2006-2011 жылдарға арналған "Қазақстан балалары" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 шілдедегі N 706 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы N 1245 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы N 1245 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"2006-2011 жылдарға арналған "Қазақстан балалары" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

2006-2011 жылдарға арналған "Қазақстан балалары" мемлекеттік бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 8) тармақшасына сәйкес және балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған 2006-2011 жылдарға арналған "Қазақстан балалары" мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Бағдарламаны іске асыру жөніндегі шараларды қабылдасын.

4. Бағдарламаның орындалуын қамтамасыз етуді бақылау және үйлестіру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жүктелсін.

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жарты жылда бір рет, есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпаратты ұсынсын.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

" _ _ _ _ "

№

_ _ _ _ _ _ _ _

Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

2006-2011 жылдарға арналған "Қазақстан балалары" мемлекеттік бағдарламасы

Астана, 2006 жыл

1. Бағдарламаның паспорты

**Бағдарламаның
атауы**

2006-2011 жылдарға арналған

"Қазақстан балалары" мемлекеттік бағдарламасы

(бұдан әрі - Бағдарлама)

**Әзірлеу үшін
негіздеме**

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына 2006 жылғы 1 наурыздағы Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын орындаудың Желілік кестесінің 144-тармағы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы № 222 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған

бағдарламасы

Әзірлеуші

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрлігі

Мақсаты:

Балалардың өмір сүру сапасын жақсарту

Міндеттері:

Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру; мемлекеттік құрылымдармен халықаралық және үкіметтік емес ұйымдармен ведомствоаралық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

барлық санаттағы балалардың сапалы білім, медициналық және әлеуметтік қызметтер алуы үшін жағдайды қамтамасыз ету; өмірде қиын жағдайға душар болған балалардың құқықтарын қорғау үшін кешенді шаралар жүйесін қалыптастыру; кәмелетке толмағандар арасында балалар қадағалаусыздығының, панасыз қалуының және құқық бұзушылықтардың алдын алу жүйесін ж е т і л д і р у ; әлеуметтік жетімдіктің алдын алу; балалардың демалуға, бос уақытқа, мәдени және шығармашылық өмірге қатысуға құқықтарын іске асыруға ықпал ететін жағдай жасау.

Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері

Бағдарламаны іске асыру үшін қажетті мемлекеттік бюджет шығыстарының көлемі 10398,067 млн. теңгені құрайды, оның ішінде: республикалық бюджет қаражаты есебінен - 3 0 0 , 5 3 3 млн. теңге:

2006 жылы - 34,183 млн. теңге;

2007 жылы - 72,886 млн. теңге;

2008 жылы - 47,905 млн. теңге;

2009 жылы - 48,827 млн. теңге;

2010 жылы - 48,827 млн. теңге;

2011 жылы - 47,905 млн. теңге;

жергілікті бюджет қаражаты есебінен -

1 0 0 9 7 , 5 3 4 млн. теңге:

2006 жылы - 66,529 млн. теңге;

2007 жылы - 32,000 млн. теңге;

2008 жылы - 438,243 млн. теңге;

2009 жылы - 4 592,653 млн. теңге;

2010 жылы - 4 137,168 млн. теңге;

2011 жылы - 830,941 млн. теңге.

Бағдарламаны қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді бекіту кезінде нақтыланатын б о л а д ы .

Бұдан басқа, ҮЕҰ-ның, қоғамдық қорлардың және Қазақстан Республикасының заңнамалық

актілерінде тыйым салынбаған өзге де көздердің демеушілік қолдауы ретінде халықаралық ұйымдардың, коммерциялық банктер мен кәсіпкерлік құрылымдардың техникалық және гранттық көмегін тарту көзделеді.

Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер және оның көрсеткіштері

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде Қазақстан Республикасында 2011 жылға дейін халықаралық нормалар мен стандарттарға жауап беретін балалар жұртшылығының барлық санаттарының өмірі мен дамуының сапасын жақсарту үшін жағдай жасайтын балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың тиімді жұмыс істейтін қазақстандық жүйесі қалыптасады.

Бірінші кезеңде (2006-2008 жылдар):

Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелері бойынша тиісті өзгерістер мен толықтырулар әзірленеді және енгізіледі;

әлеуметтік қорғалмаған, күн көрісі төмен және көп балалы отбасыларға қолдау көрсететін әлеуметтік институттар ретінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын дамыту жөніндегі нормативтік құқықтық база әзірленеді; сапалы білім және әлеуметтік қызметтер алуға балалардың құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша тұрақты мониторинг жүйесі енгізіледі;

пилоттық жобалар шеңберінде әлеуметтік отбасын қолдау орталықтары, өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті мінез-құлық нысандарының алдын алу жөніндегі кәмелетке толмағандарға арналған орталықтар құрылады;

балалар үйлерінің 36 бітірушілерінің әлеуметтік бейімделуі үшін жағдай жасау мақсатында жасөспірімдер үйі ашылады;

2 облыста 96 баланы қамтитын отбасы үлгісіндегі 4 балалар үйлері ашылады;

қызығушылықтары бойынша бос уақыттарын

қамтамасыз ету үшін балалар қоғамдық ұйымдарының желісі 30 %-ға кеңейтіледі.

Екінші кезеңде (2009-2011 жылдар):

әр түрлі ведомстволық бағыныстағы ұйымдар мен органдар қызметін мемлекеттік аттестаттауды жүргізу кезінде балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі құқықтық нормаларды орындау көрсеткіш ретінде е н г і з і л е д і ;

мүдделі ведомстволармен және үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық жолымен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі әдістемелік қызмет жетілдіріледі; денсаулық сақтау ісінің стандарттарына сәйкес балалардың барлық санаттарының медициналық қызметтер алуын тұрақты мониторингтеу және бақылау жүйесі енгізіледі;

4 облыста жыл сайын әлеуметтік бейімдеу мен оңалтуға мұқтаж 2400 кәмелетке толмаған баланы қамтитын 4 оңалту орталығын ашу есебінен қадағалаусыз және панасыз қалған балалардың саны 43,5 %-ға төмендейді; патронаттық тәрбиешілер саны 501-ден 800-ге д е й і н к ө б е й е д і ;

жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелерді кезең-кезеңмен қысқарту қамтамасыз етіледі; 1115 жетім баланы және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды қамтитын отбасылық жағдайға жақындатылған жағдайда тұру үшін 8 облыста отбасы үлгісіндегі 9 балалар ауылы салынады; балалар үйлерінің 940 бітірушілерін қоғамға кіріктіру мақсатында жағдай жасау үшін 7 облыста 14 жасөспірімдер үйі ашылады; 7 облыста 3704 баланы қамтитын отбасы үлгісіндегі 15 балалар үйі ашылады; 5 облыста мүмкіндігі шектеулі балаларды және мүгедек 1600 баланы қамтитын 8

мамандандырылған түзеу білім беру ұйымдары
с а л ы н а д ы ;
қызығушылықтары бойынша балалар қоғамдық
ұйымдарын одан әрі дамыту жүзеге асырылады.

Іске асыру мерзімдері (кезеңдері) Бағдарлама екі кезеңде іске асырылады:
бірінші кезең: 2006-2008 жылдар
екінші кезең: 2009-2011 жылдар.

2. Кіріспе

Мемлекет балалық шақты адам өмірінің маңызды кезеңі деп таниды және балаларды қоғамдағы толыққанды өмірге даярлау басымдығы қағидаттарын негізге алады .

Қазақстан Республикасы 1994 жылы Бала құқықтары туралы конвенцияны (бұдан әрі - Конвенция) ратификациялады. Осы Конвенция ережелерін, балалардың жағдайы жөніндегі БҰҰ Бас Ассамблеясының арнайы сессиясында (Нью-Йорк, 2002 жылғы 8-10 мамыр) қабылданған "Балалардың өмір сүруі үшін жарамды әлем" атты Декларацияны және Іс-қимыл жоспарын іске асыру мақсатында республикада белгілі бір жұмыстар жүргізілді.

Балалар құқықтарын қорғау мәселелерін реттейтін халықаралық нормалардан туындайтын міндеттемелерді Қазақстан Республикасының орындауына байланысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың Желілік кестесінің 144-тармағына сәйкес осы Бағдарлама әзірленді.

Бағдарлама шеңберінде балалардың өмірін жақсарту мақсатында мүдделі мемлекеттік құрылымдардың, жергілікті атқарушы органдардың, халықаралық және үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың өзара іс-қимылының тиімді жүйесін құру көзделді .

Бағдарлама балалардың барлық санаттарының құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған іс-шаралардың атаулылығын, Конвенцияның, "Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған басқа да нормативтік құқықтық құжаттардың ережелерінің орындалу кепілдігін қамтамасыз етеді .

Бағдарламада балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары, балалардың барлық санаттары үшін

әлеуметтік және құқықтық кепілдіктерді қамтамасыз етудің кешенді шаралар жүйесі айналынды.

Бағдарламаны қабылдау қажеттілігі балалардың барлық санаттарына білім беру жүйесіне тең қол жетімділікті, сапалы медициналық қызмет көрсету мен сауықтыруды, немқұрайды қатынастың, қатыгездік пен еңбегін пайдаланудың барлық нысандарынан қорғауды, балалардың демалуға, бос уақытына, мәдени және шығармашылық өмірге құқықтарын қамтамасыз ететін әлеуметтік басымдықтарды сақтауға және дамытуға мүмкіндік беретіндігімен келісіледі.

3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

Қазақстан Республикасы Конвенцияның 4-бабына сәйкес Конвенцияда белгіленген нормаларды жүзеге асыру үшін заңнамалық, әкімшілік және басқа да шараларды қабылдады.

Балалардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету саласындағы халықаралық нормаларды имплементациялау процесі Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасын дамыту мен жетілдіруде өз көрінісін тапты. Конвенцияның жалпы қағидаттары мен нормалары Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық-іс жүргізу және Қылмыстық-атқару кодекстерінде имплементацияланған. Негізгі қолданылу аясы балалардың құқықтары мен мүдделері болған тұтас кешенді заңдар: "Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы", "Білім туралы", "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын қорғау туралы", "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы", "Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы", "Неке және отбасы туралы", "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасы заңдары және басқа да нормативтік құқықтық актілер қабылданды.

Халықаралық және ұлттық нормаларды неғұрлым егжей-тегжейлі және толық үйлестіру мақсатында қолданыстағы заңнамалық актілерге түзетулер, толықтырулар мен өзгерістер енгізілді. Балалардың құқықтарын іске асыруға Қазақстан ратификациялаған Балалардың қарулы жанжалдарға қатысуына, балалар саудасына, балалар жезөкшелігі мен балалар порнографиясына, сондай-ақ балалар еңбегінің ең жаман нысандарына тыйым салу және оларды жою жөніндегі шұғыл шараларға қатысты Конвенцияларға факультативтік хаттамалар ықпал етеді.

Балалардың құқықтарын сақтауға қатысты мемлекеттік саясат оның Конвенция қағидаттары мен ережелеріне толық сәйкес болуы мақсатында

заңнаманы одан әрі дамытуды қамтамасыз етеді.

Ұлттық заңнамаға имплементацияланбаған Конвенцияның бірқатар нормалары бар. Мәселен, босқын балаларға ерекше қорғау беру мәселесі шешілмеген.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Балалар құқықтары жөніндегі комитетінің 33-ші арнайы сессиясының отырысында Қазақстан Республикасына берілген ұсынымдарға сәйкес 2006 жылғы ақпанда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалар құқықтарын қорғау комитеті құрылды, оның негізгі міндеті балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

Конвенцияның нормаларын мейлінше толық орындау үшін басты назар ресурстарды жұмылдыруға бөлінеді. Экономикалық өсу ұсынып отырған жаңа мүмкіндіктер балалардың мүддесінде оқыту, тәрбиелеу, денсаулығын сақтау, мәдениет, дене тәрбиесі мен спорт, балалар мен олардың отбасыларына әлеуметтік қызмет көрсету және әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты басым қаржыландыру үшін пайдаланылады.

Мемлекеттік бюджеттің әлеуметтік салаға арналған шығыстарының көлемі мыналарды құрайды:

Мемлекеттік бюджеттің жалпы көлеміндегі шығыстардың үлесі

2003 жыл	2004 жыл	2005 жыл
48,2 %	48,4 %	43,7 %

Алайда, бірқатар жетістіктерге, сондай-ақ қазіргі кезде қабылданып отырған шараларға қарамастан, барлық балалар үшін өздерінде бар құқықтардың әрқайсысын толық пайдалану мүмкіндігі әлі қамтамасыз етілмеген.

Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелерімен қорғаншы және қамқоршы органдарының мамандары айналысады. "Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 106-бабына сәйкес жергілікті атқарушы органдар қорғаншы және қамқоршы органдар болып табылады. Аудандық және қалалық атқарушы органдар өздерінің қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларын білім беру, халықты әлеуметтік қорғау және денсаулық сақтау уәкілетті органдары арқылы жүзеге асырады, ал кенттік, селолық, ауылдық атқарушы органдар бұл функцияларды дербес жүзеге асырады. Қазіргі кезде республикада 0 жастан 18 жасқа дейінгі халықтың саны 4 968 630 баланы құрайды, ал қорғаншы және қамқоршы органдарының штаты небәрі 180 маман, осылайша, бір маманға 27603 баланың құқығын қорғау жөніндегі міндеттер жүктеледі. Әлемдік практика көрсетіп отырғанындай, балаларды қорғау жөніндегі мамандардың саны 5000 балаға бір маман есебінен айқындалады. Осыған байланысты Қазақстанда қорғаншы және қамқоршы органдарының штат

санын 956 маманға дейін ұлғайтқан орынды.

Жергілікті жерлердегі өкілдері қорғаншы және қамқоршы органдары болатын уәкілетті органның тарапынан балалар ұйымдарының қызметін ведомствоаралық үйлестіру мен бақылаудың тиімді жүйесін құру өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін және балалардың дамуы үшін жағдай жасайтын тиімді тетік б о л а д ы .

Мәліметтерді жинаудың бірыңғай жүйесі мен тұрақты мониторингтің болмауы Конвенция нормаларының орындалу нәтижелерін және өткізілетін іс-шаралардың тиімділігін үнемі қадағалауға және бағалауға мүмкіндік бермейді.

Тұрақты мониторинг пен бақылау тетігін енгізу Конвенция нормаларын орындауды іске асыруға және балалар құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға әрбір мемлекеттік органның тиімді қатысуын анықтауға мүмкіндік б е р е д і .

Балалардың білімге қол жеткізу мәселесі ашық күйінде қалып отыр. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында 1283 мектепке дейінгі ұйымдар жұмыс істейді, онда 192,5 мың бала тәрбиеленуде. Мектепке дейінгі ұйымдардың желісі 2003 жылмен салыстырғанда небәрі 127 бірлікке: 2004 жылы 25 бірлікке, 2005 жылы 102 бірлікке ұлғайды. Контингент 2003-2005 жылдар аралығында - 31,8 мың балаға өсті, 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту 2006 жылы небәрі 23,2 %-ды құрады. Осыған байланысты мектепке дейінгі білім берудің аз шығынды нысандарын дамытуды ескере отырып, мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі реформаларды одан әрі жетілдіру қажет.

Республикада 120 мыңнан астам мүмкіндіктері шектеулі балалар анықталды. Олардың білім алуға тиімді қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін республикада 102 арнайы түзету білім беру ұйымы ашылды, онда 17861 бала оқиды, бұл осы санаттағы балалардың жалпы санының 30%-ын ғана құрайды.

Арнайы түзету білім ұйымдарының желісі мен контингентінің даму серпіні

Жыл	Ұйымдардың саны	Балалардың саны (мың)
2001	103	18,9
2002	102	19,1
2003	102	19,1
2004	102	18,6
2005	102	17,8

Республикада арнайы білім беру жүйесінің дәйектілікпен кеңейтілуіне қарамастан, әлі барлық мұқтаж балалар арнайы біліммен қамтамасыз етілмеген.

Қазіргі кезде республиканың жалпы білім беретін мектептерінде 50 мыңнан астам бала мамандардың білікті көмегінсіз оқиды. Жалпы білім беретін мектептердің 643 арнайы сыныптарында ғана ақыл-ой кемістіктері бар және психикалық дамуы тежелген 6480 баланың оқуына жағдай жасалған.

Есту, көру, тірек-қимыл аппаратында, сөйлеу қабілетінде кемшілігі бар балалар үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың, арнайы техникалық оқыту құралдарының өткір жетіспеушілігі орын алып отыр.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту, тәрбиелеу мәселелеріндегі проблемаларды шешу үшін арнайы білім беру бағдарламаларын қолдау жөніндегі шараларды әзірлеу және енгізу және оларды мәдени өмірге белсенді және тең қатыстыруға тарту, көркем шығармашылық, спорт саласында талантты мүгедек балаларды анықтау қажет.

Интернаттық ұйымдардағы балалардың қазіргі заманғы басылымдар, оқулықтар, мерзімді баспасөз, интернет сияқты ақпараттық ресурстарға қол жеткізуі шектеулі, лайықты деңгейде компьютерлік білім алмайды, шет тілін оқыту деңгейі төмен.

Бүгінгі күні жасөспірімдік кезеңдегі балалардың денсаулық жағдайы көкейкесті проблемалардың бірі болып табылады, оның әлеуметтік маңыздылығы кәсіби қызметке, қарулы күштердегі қызметке және отбасын құруға дайындалу қажеттілігіне негізделеді.

Баланың денсаулық сақтауға құқығы мынадай шаралармен қамтамасыз етіледі: Қазақстан Республикасының бала денсаулығын сақтау саласындағы заңнамасын жетілдірумен, балалардың салауатты өмір салтын насихаттаумен және оған ынталандырумен, баланың, оның ата-аналарының денсаулығы жай-күйіне бақылауды қамтамасыз ету және балалар ауруларының алдын-алу.

Соңғы бес жылдың ішінде республикада ЖІӨ-ден шығыстарының денсаулық сақтау жүйесіне үлесі 2001 жылғы 1,97 %-дан 2006 жылы 2,85 %-ға дейін ұлғайды. Осыған қарамастан республикада жыл сайын 18 жасқа дейінгі балаларда 5 млн-ға жуық аурулар тіркеледі. Жасөспірімдерді (12-18 жас) жыл сайынғы медициналық алдын алу тексерулерінің қорытындылары бойынша диагностикадан өтетін балалардың 53%-ынан астамы ас қорыту, көру органдарының, сүйек-бұлшық ет жүйесінің, дем алу, жүйке және эндокриндік жүйелері ауруларынан зардап шегеді.

Қазақстан Республикасында 2003-2005 жылдарда жекелеген аурулар сыныптары мен аурулар топтары бойынша балалардың жалпы науқастануы (100 000 балаға шаққанда өмірінде бірінші рет тіркелген аурулардың саны)

--	--	--	--

Аурулардың негізгі топтары	2003 жыл	2004 жыл	2005 жыл
жаңа пайда болған ісіктер	133,9	140,6	159,6
қан, қан түзу органдарының аурулары және иммунды тетікті тартумен жекелеген бұзушылықтар	6516,1	6786,5	7653,0
эндокринді аурулар, тамақтану және зат алмасу бұзылулары	2665,7	2664,2	2878,8
психикалық бұзылу және мінез-құлықтың бұзылуы	1560,5	1589,4	1535,3
нерв жүйесі аурулары	5186,0	5279,8	5336,1
тыныс алу органдары аурулары	54402,1	58258,7	61513,3
ас қорыту органдары аурулары	9698,6	9443,8	9910,0
тері және тері асты жасушаларының аурулары	6109,3	6280,5	6318,5
сүйек-бұлшық ет жүйесінің және біріктіру тіндерінің аурулары	2109,6	2077,9	2091,8
жарақаттар және улану	3403,6	3596,1	3719,5

Берілген кестеден көрініп тұрғанындай, балалар аурулары өсу үстінде. Бұл балалардың емдеу-алдын алу ұйымдарының медицина кадрларымен аз жасақталуына, материалдық-техникалық базасының әлсіздігіне байланысты.

Балаларға арналған әлеуметтік бағыттағы медициналық қызметтер алудың басымдылығы мыналарға байланысты: медициналық қамтамасыз ету қолда бар қаражатты негізге алып емес, денсаулық сақтаудың қазіргі стандарттарын ескере отырып жүргізілуге тиіс.

Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірі үшін қауіпті мінез-құлықтың тәуекелді түрлерінің алдын алу жөніндегі іс-шаралардың болмауы ерекше алаңдаушылық туғызады.

Кәмелетке толмағандардың арасында ішімдікті пайдалану, шылым шегу, нашақорлық проблемасы шиеленісіп отыр: республикада 52 мыңнан астам есірткіні пайдаланушылар, оның ішінде 14-17 жас аралығындағы 4 мыңнан астам бала ресми тіркелген.

2005 жылдың 1 желтоқсанына АҚТҚ жұқтырған 5541 адам, оның ішінде 14 жасқа дейінгі - 41 бала, 15-тен 19 жасқа дейінгі - 498 адам тіркелген, АҚТҚ жұқтырған аналардан туған 201 бала тіркелген.

Жасөспірімдердің өмірге және денсаулыққа қауіпті мінез-құлық нысандарының алдын алу жөніндегі жұмыстың жүйелі сипатқа ие емес екендігін ескере отырып, атаулы іс-шараларды іске асыру үшін үкіметтік емес азаматтық секторды кеңінен тарту қажет.

Балаларға қатысты мемлекеттік саясат экономикалық және саяси реформалау жағдайында іске асырылуда. Елде жүріп жатқан оң өзгерістерге сәйкес қоғамдағы балалардың жағдайын жақсарту жөнінде барабар шаралар қабылдануда.

Осыған қарамастан әлеуметтік отбасы институтының төмендеу проблемасы сақталып отыр, теріс өмір салтын ұстанатын ата-аналардың саны өсуде.

Әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылған ата-аналардың саны 2003 жылы 1902 адамды, 2004 жылы - 1338 адамды, 2005 жылы 1539 адамды құрады.

Балалардан бас тартуға әкеп соғатын некесіз туылғандардың саны 2005 жылдың басында кәмелетке толмаған қыздарда (100000 мың босаңғандарға шаққанда) 23,5 %-ды, 20 жасқа дейінгі аналарда - 49,2 %-ды құрады.

Шетелдік мемлекеттердің тәжірибесі балалар мен олардың отбасыларына басқарылатын көмектің әлеуметтік бағытталған біртұтас кешенді жүйесін құру, балалардың барлық санаттарын қолдауға бағытталған қызметтер тізбесін жаңарту және кеңейту қажеттігін көрсетеді.

Ресей, Чехия, Латвия, Болгария, Албания, Дания, Швеция сияқты бірқатар елдерде балалармен және олардың отбасыларымен жұмыс істеудің жаңа нысандары - "әлеуметтік патронаж", отбасылар мен балаларға әлеуметтік қызмет көрсету орталықтары, ересектер мен балаларға қызмет көрсетудің әлеуметтік орталықтары құрылған. Осы қызметтердің жұмысы балалар мен олардың отбасыларын қоғам өмірінің барлық салаларында әлеуметтік, психологиялық, медициналық және құқықтық сүйемелдеуге бағытталған. Отбасын әлеуметтік сүйемелдеу мен балаларды зорлық-зомбылықтың барлық нысандарынан қорғау мәселелеріндегі Еуропа елдерінің тәжірибесін Қазақстанның пайдалануы мүмкін.

Соңғы жылдарда балаларға қатысты зорлық-зомбылық фактілеріне мемлекеттік органдар назарының өскеніне және осы проблеманы жоюға арналған қолда бар ресурстарға қарамастан, балаларға қарсы зорлық-зомбылық қазіргі қоғамның өзекті әлеуметтік проблемасы болып отыр. Қазақстан Республикасының Әлеуметтанушылар мен саясаттанушылар қауымдастығының деректері бойынша балалардың 70 %-ы құрдастарының тарапынан, 38 %-ы мұғалімдер тарапынан, 18 %-ы ата-ана тарапынан жәбірлеушілікті бастан кешіп отыр. 2003-2006 жылдары балалармен қатыгездік қарым-қатынас жасағаны үшін 238 ата-ана қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

2006 жылғы маусымда өткен Еуропа және Орталық Азия елдерінің (Паленсия қаласы, Испания) үшінші үкіметаралық конференциясының деректеріне сәйкес Бельгияда, Чех Республикасында, Венгрияда және Францияда дөрекі қарым-қатынас нәтижесіндегі балалар өлімінің деңгейі дамыған елдердегі тиісті орташа көрсеткішінен 4-6 есе жоғары.

Осы өңір елдерінен алынған жұмыс тәжірибесі балаларға қатысты зорлық-зомбылықты болдырмау жөнінде бірқатар шаралар енгізуді көздейді. Бұл ұлттық заңдарды халықаралық нормаларға сәйкес келтіру, заңдардың

нормаларын практикалық қолдану жөніндегі әкімшілік шараларды енгізу, халықтың мақсатты топтары үшін білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу, балаларға қатысты зорлық-зомбылық фактілерін анықтау жөніндегі есептілік тетіктерін жасау, балаларға қатысты зорлық-зомбылықты жою мәселелерінде қоғамдық құрылымдарға ақпарат беру және олармен ы н т ы м а қ т а с т ы қ .

Өмірде қиын жағдайға душар болған кәмелетке толмағандарды әлеуметтік бейімсіздендіру және соның салдары ретінде балалар мен жасөспірімдердің ұлғайып отырған қадағалаусыздығы, панасыздығы, қылмыстылығы кәмелетке толмағандар үшін де, қоршаған орта үшін де қауіпті. Бейімсіздендірілген балалар санының көп болуы елдің болашағы үшін қауіп төндіреді.

Осыған байланысты көптеген мүдделі қызметтердің жұмысын үйлестіру заңмен жанжалға түскен немесе өз құқықтарын қорғауға мұқтаж кәмелетке толмаған баланың тағдырында ерекше маңыздылыққа ие болады. Барлық құрылымдардың өзара іс-қимыл жасауы осындай балалармен әлеуметтік-құқықтық жұмысты қанықтыруды қамтамасыз ететін тетік болып т а б ы л а д ы .

Бір жағынан, құқық қорғау органдары мен соттың қызметін, екінші жағынан емдеу-оналту және әлеуметтік-психологиялық мемлекеттік және мемлекеттік емес қызметтерді біріктіретін әлеуметтік және құқықтық тетіктер кешенін енгізу БҰҰ Бала құқықтары жөніндегі комитетінің құқыққа қарсы әрекет жасаған кәмелетке толмағандарды оналту және әлеуметтік қайта кіріктіруге жәрдемдесу үшін тиісті шаралар қабылдау қажеттілігі туралы ұсынымдарын іске асыруға м ү м к і н д і к б е р е д і .

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының әр түрлі министрліктерінің құрылымында балалардың құқықтарын қорғау мәселелерімен айналысатын ұ й ы м д а р б а р .

Мәселен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің құрылымында балаларға, оның ішінде 74536 баланы қамтитын жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған 665 интернаттық ұйымдар бар. Бұдан басқа, 1035 кәмелетке толмағандардың контингентімен 23 жасөспірімдер үйі және 904 баланы қамтитын 27 панасыздар ү й б а р .

Денсаулық сақтау жүйесінде 2095 баланы қамтитын 27 балалар үйі жұмыс і с т е й д і .

Әлеуметтік қорғау жүйесінде 2994 баланы қамтитын мүгедек балаларға арналған 20 интернат үйі жұмыс істейді.

Құқық қорғау жүйесінде 10342 баланы қамтитын кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау мен оналтудың 18 орталығы жұмыс істейді.

Бұл ұйымдардың қызметі бірыңғай мақсатқа қол жеткізуге: тәрбиеленушілердің дене және рухани денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған. Бұл ретте жоғарыда көрсетілген ұйымдардың міндеттері әр түрлі және осы ұйымдарға тән белгілі бір ерекшелік бойынша әлеуметтік, медициналық, құқықтық және өзге де қызметтер көрсетуді болжайды. Бірыңғай тәсілдердің, іс-әрекеттің үйлесімділігінің болмауы осындай ұйымға тап болған баланың құқықтарын қорғауды іске асыруға мүмкіндік бермейді.

Жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған балалар үйлері мен интернаттарда 16843 кәмелетке толмаған балалар т ұ р а д ы .

Бүгінде республикада отбасы үлгісіндегі 6 балалар ауылы, отбасы үлгісіндегі 29 үй жұмыс істейді. Осы балалардың небәрі 19,4 % -ы жетім балалар болып табылады, мемлекеттік қолдауды қажет ететін балалардың көптеген бөлігін ата-аналары ата-ана құқығынан айырылған әлеуметтік жетімдер құрайды.

Бұл санаттағы балалар санының өсуі жетім балаларға арналған ұйымдардың: сәбилер үйлері, балалар үйлері, мектеп-интернаттар, паналау үйлері және т.б. санының ұлғаюына әкеледі. 1999 жылмен салыстырғанда балалар үйінің саны 31 бірлікке, ал ондағы балалардың саны - 63,6 %-ға өсті.

Талдау көрсеткендей, Батыс Еуропаның көптеген елдерінде балаларды осыған ұқсас орындарда ұзақ мерзімде тәрбиелеу кейіннен баланы өз отбасына қайта қоса немесе оны алмастыратын отбасына бере отырып, оларды арнайы ұйымдарда (паналау үйлерінде) қысқа мерзімге ұстауға орнын берді. Еуропада жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарды пайдалану ауқымының күрт қысқаруына әкелген себептер ретінде: қоғамдағы балалардың құқықтарға көзқарастардың өзгеруін, тәрбиенің отбасылық нысандарымен салыстырғанда стационарлық мекемелер базасында тәрбиелеу құнының артуын, қоғам тарапынан сенімсіздікті және әлеуметтік қамтамасыз етудің осы нысанының нашар нәтижелерін атайды.

Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарды кезең-кезеңмен қысқарту осы санаттағы балалардың қоғамға табысты кірігуі үшін қажетті шара болып табылады.

Тәрбиеленушілерді азаматтардың отбасыларына орналастыру немесе отбасылыққа жақындатылған жағдай жасау осы процесті іске асырудың пәрменді т е т і г і б о л ы п т а б ы л а д ы .

2000 жыл мен 2006 жыл аралығында Қазақстан Республикасының азаматтарына бала асырап алуға (қыз асырап алуға) 17 мыңнан астам бала, шетелдік туыстарына - 306, шетелдіктерге - 5 мыңнан астам бала берілген.

1999 жыл мен 2005 жыл аралығында Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына қорғаншылыққа және қамқоршылыққа 29 мыңнан астам бала

б е р і л г е н .

Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарды қысқарту процесі тетіктерінің бірі балалар үйлері тәрбиеленушілерінің санын қысқартуға мүмкіндік беретін баламалы тәрбие нысандарының бірі ретіндегі патронат жүйесін кеңейту болуға тиіс. Қазіргі уақытта патронаттық тәрбиемен небәрі 1928 бала қамтылған. Бұл мақсатқа республикалық бюджет қаражатынан 2004 жылы 244 млн. 682 мың теңге, 2005 жылы жергілікті бюджет қаражатынан ғана 348 млн. 352 мың теңге бөлінді.

Балалардың демалуға, бос уақытты өткізуге және мәдени қызметке құқығы республикада мектептен тыс ұйымдардың желісі арқылы іске асырылады. Бұл оқушылар үйлері, балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы студиясы, жас техниктер, туристер, натуралистер станциялары мен базалары, балалардың музыкалық, спорт мектептері, өнер мектептері, қызығушылығы бойынша клубтар, спорттық, сауықтыру, туристік лагерлер және басқалар.

Білім беру ұйымдарында: лицейлерде, гимназияларда, өнерді тереңдетіп оқытатын жалпы орта білім беретін мектептерде, бейіндік және көркемсурет сыныптарында тиісті жағдай жасау жолымен балаларды өнерге баулу процесі ж а н д а н д ы .

Қазіргі кезде республикада 586 мектептен тыс ұйымдар, оның 216-сы ауылдық жерлерде, 500-ге жуық аула клубтары, 5 мың спорт залдары, 8,5 мың спорт алаңдары жұмыс істейді. Алайда, мектептен тыс ұйымдардың мектеп жасындағы балаларды қамтуы республикада небәрі 12 %-ды, оның ішінде ауылдық жерде 5 %-ды құрайды.

Жасөспірімдердің оқудан тыс уақытта бос болуы, жасөспірімдер клубтары, спорт секциялары желісінің жеткілікті дамымауы, жазғы демалысты, ауладағы бос уақытты және әсіресе, ересек жасөспірімдердің еңбекпен қамтылуын ұйымдастырудағы кемшіліктер балалардың теріс әлеуметтік мінез-құлқы себептерінің бірі болып табылады.

Барлық санаттағы балалардың қосымша білім алуына кадрлық, материалдық, әдістемелік ресурстармен қамтамасыз ету жолымен жалпыға бірдей қол жеткізуді жүзеге асыру қажет. Қазіргі кезде қосымша білім беру бағдарламаларының мазмұны мен оларды іске асыру технологиясы балалар мен жасөспірімдердің басты құзыреттермен және функционалды дағдылармен байланысты қызмет бағыттарын игерудегі қажеттіліктеріне толық сәйкес келмейді.

Балалардың демалуға, бос уақытты өткізуге, мәдени және шығармашылық өмірге Қазақстан Республикасы Конституциясымен кепілдік берілген құқықтарын іске асыру үшін жағдай жасау қажеттілігі балалардың қоғамдағы толыққанды өмір сүруге дайындығы, оларда қоғамдық маңызды және шығармашылық белсенділікті дамыту басымдықтары қағидаттарын негізге алады

өмірде қиын жағдайда қалған балалардың құқықтарын қорғау үшін кешенді шаралар жүйесін қалыптастыру;

кәмелетке толмағандар арасында балалардың қадағалаусыздығының, панасыздығының және құқық бұзушылықтарының алдын алу жүйесін жетілдіру; әлеуметтік жетімдіктің алдын алу;

балалардың демалу, бос уақытты өткізу, мәдени және шығармашылық өмірге қатысу құқықтарын іске асыруға ықпал ететін жағдай жасау болып табылады.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

Бағдарламаны іске асыру елдің әлеуметтік-экономикалық дамуымен байланысты және мынадай негізгі бағыттар бойынша кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын болады:

5.1. Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру

Барлық санаттағы балалардың өмір сүру сапасын жақсарту процесін құқықтық қамтамасыз ету мақсатында мынадай шаралар қабылданатын болады:

бірінші кезеңде (2006-2008 жылдар)

балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелері жөніндегі қолданыстағы нормативтік құқықтық құжаттарға сараптама жүргізу;

Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелері жөніндегі қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне тиісті өзгерістер мен толықтырулар әзірлеу және енгізу;

ұлттық заңнама мен практиканы Конвенцияның қағидаттары мен ережелеріне сәйкес келтіру;

екінші кезеңде (2009-2011 жылдар)

балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілер жинағын шығаруды ұйымдастыру;

Конвенция ережелерін орындау жөніндегі өңірлік бағдарламаларды әзірлеу және енгізу.

5.2. Мүдделі министрліктермен, ведомстволармен, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдармен ведомствоаралық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету

Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты тиімді іске асыру мақсатында мыналар көзделеді:

бірінші кезеңде (2006-2008 жылдар)

балалармен және балалар үшін жұмыс істейтін әр түрлі кәсіби топтарға арналған әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;

балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелерінде орталық және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

бірлескен іс-шаралар жүргізу жолымен балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы ынтымақтастыққа мүдделі мемлекеттік құрылымдар мен азаматтық қоғам өкілдерін тарту;
екінші кезеңде (2009-2011 жылдар)

балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған іс-шараларға мемлекеттік органдардың қатысуының тиімділігін зерделеу мақсатында тұрақты мониторингті әзірлеу және енгізу;

балалардың барлық санаттарының өмір сүруі және дамуы үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелеріндегі ведомствоаралық үйлестіруді одан әрі жетілдіру;

әр түрлі ведомствоға тиесілі ұйымдар мен органдар қызметін мемлекеттік аттестаттаудан өткізу кезінде балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі құқықтық нормаларды орындауды көрсеткіш ретінде енгізу.

5.3. Балалардың сапалы білім, медициналық және әлеуметтік қызметтер алуына арналған жағдаймен қамтамасыз ету

Сапалы білім, медициналық және әлеуметтік қызметтер алуға арналған жағдай жасау негізгі бағыттардың бірі болып табылады:
бірінші кезеңде (2006-2008 жылдар)

балаларға сапалы әлеуметтік қызметтер көрсету процесін ұйымдық-әдістемелік қамтамасыз ету;

сапалы білім және медициналық қызметтер алу мәселелерінде мектепке дейінгі жастағы балалардың, дамуында ауытқушылығы бар балалардың, шалғайдағы ауылдық аудандарда тұратын балалардың құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу;

балалардың сапалы білім мен әлеуметтік қызметтер алуға құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері жөнінде тұрақты мониторинг пен бақылау жүйесін әзірлеу және енгізу;

пилоттық жобалар шеңберінде отбасын қолдаудың әлеуметтік орталықтарын құру;

екінші кезеңде (2009-2011 жылдар)

пенитенциарлық ұйымдардағы кәмелетке толмағандардың қоғамға кірігуіне ықпал ететін білім және медициналық қызметтер алу құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу;

денсаулық сақтау стандарттарына сәйкес балалардың барлық санаттарының медициналық қызметтер алуына тұрақты мониторинг және бақылау жүйесін е н г і з у ;

мүгедек балаларды әлеуметтік интеграциялау жөніндегі шараларды әзірлеу ж ә н е е н г і з у ;

мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған түзету мектеп-интернаттарын салу.

5.4. Өмірде қиын жағдайда қалған балалардың құқықтарын қорғау, кәмелетке толмағандар арасындағы қадағалаусыздық пен құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін кешенді шаралар жүйесін қалыптастыру

Балалар құқықтарын қорғауға арналған кешенді шаралар жүйесін қалыптастыру және өмірде қиын жағдайда қалған кәмелетке толмағандар (әлеуметтік жағынан қауіпті жағдайдағы отбасыларында тұратын, зорлық-зомбылыққа және еңбегін пайдалануға ұшыраған, психотроптық құралдар мен психотроптық заттарды, алкогольді пайдаланатын қадағалаусыз және панасыз балалар) арасындағы балалардың қадағалаусыздығы мен панасыздығының және құқық бұзушылықтарының алдын алу жүйесін жетілдіру мақсатында мынадай шаралар жүзеге асырылатын болады:

бірінші кезеңде (2006-2008 жылдар)

өмірде қиын жағдайда қалған балаларды анықтау жөніндегі әдістемелік ұ с ы н ы м д а р д ы ә з і р л е у ;

балалардың денсаулығы мен өміріне қауіпті мінез-құлықтың тәуекелді нысандарының алдын алу әдістерін әзірлеу;

пилоттық жобалар шеңберінде өмірі мен денсаулығына қауіпті мінез-құлық нысандарының алдын алу жөніндегі кәмелетке толмағандарға арналған о р т а л ы қ т а р қ ұ р у ;

балалармен жұмыс істейтін, балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа жол беретін кәсіби топтардың өкілдерін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тарту жөніндегі мониторинг жүйесін енгізу;

екінші кезеңде (2009-2011 жылдар)

балаларға құқық қорғау дағдыларын дарыту үшін шаралар кешенін әзірлеу ж ә н е е н г і з у ;

балалар еңбегінің ең жаман нысандарын жою мәселелері бойынша тұрақты м о н и т о р и н г т і ұ й ы м д а с т ы р у ;

әлеуметтік бейімдеу мен оңалтуға мұқтаж кәмелетке толмағандарға арналған оңалту орталықтарын салу.

5.5. Әлеуметтік жетімдіктің алдын алу

Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды қоғамға кіріктіру үшін мыналар болжанады:

бірінші кезеңде (2006-2008 жылдар)
ықтимал бала асырап алушыларды (қыз асырап алушыларды), қамқоршыларды, қорғаншыларды, патронат тәрбиешілерді, қабылдаушы ата-аналарды анықтау және есепке алу жүйесін әзірлеу мен енгізу;
ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды уақтылы анықтау жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу және енгізу;
жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды медеткер, қонақжай, қабылдау және патронат отбасыларына орналастырудың баламалы нысандарын дамыту;

екінші кезеңде (2009-2011 жылдар)
ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар және баланы өз отбасында тәрбиелеуге қабылдауға ниет білдіруші азаматтар туралы мәліметтерді өңдеуге арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді жетілдіру;
патронат отбасыларында тәрбиеленетін балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі тұрақты мониторинг пен бақылауды жүзеге асыру;
жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарды кезең-кезеңмен қысқартуды қамтамасыз ету;
балалар ауылдарын, отбасы үлгісіндегі балалар үйлерін, жасөспірімдер үйлерін салу.

5.6. Балалардың мәдени және шығармашылық өмірге қатысу құқықтарын іске асыруға ықпал ететін жағдайлар жасау

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, мәдени, қоғамдық өмірге қатысуға, демалысқа және бос уақытын өткізуге құқықтарын іске асыруға арналған жағдаймен қамтамасыз ету мынадай шаралармен көзделеді:

бірінші кезеңде (2006-2008 жылдар)
балалардың салауаттылығына зиянын тигізетін ақпарат пен материалдардан оларды қорғау жөніндегі шараларды әзірлеу және енгізу балалардың демалуға құқығын іске асыру жөніндегі мониторингті жүзеге асыру;
балалардың бос уақытын өткізуге құқығын қамтамасыз ету және бос уақытты өткізу қызметінің нысандарын жетілдіру;

балалардың барлық санаттарының мәдени және шығармашылық өмірге жан-жақты қатысу құқығын қамтамасыз ету жөнінде шаралар кешенін енгізу;

екінші кезеңде (2009-2011 жылдар)

балалардың демалысын, оларды сауықтыруды және жұмыспен қамтуды ұйымдастырудың жаңа нысандарын дамыту; қызығушылықтары бойынша балалардың қоғамдық ұйымдар желісін одан әрі дамытуға арналған жағдайларды жүзеге асыру.

6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері

Бағдарламаны іске асыру үшін қажетті мемлекеттік бюджет шығыстарының көлемі 10398,067 млн. теңгені құрайды, оның ішінде: республикалық бюджет қаражаты есебінен - 300,533 млн. теңге:

2006 жылы	-	34,183	млн.	теңге;
2007 жылы	-	72,886	млн.	теңге;
2008 жылы	-	47,905	млн.	теңге;
2009 жылы	-	48,827	млн.	теңге;
2010 жылы	-	48,827	млн.	теңге;
2011 жылы	-	47,905	млн.	теңге;

жергілікті бюджет қаражаты есебінен - 10097,534 млн. теңге:

2006 жылы	-	66,529	млн.	теңге;
2007 жылы	-	32,000	млн.	теңге;
2008 жылы	-	438,243	млн.	теңге;
2009 жылы	-	4 592,653	млн.	теңге;
2010 жылы	-	4 137,168	млн.	теңге;

2011 жылы - 830,941 млн. теңге.

Бағдарламаны қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді бекіту кезінде нақтыланатын болады.

Бұдан басқа, ҮЕҰ-ның, қоғамдық қорлардың және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған өзге де көздердің демеушілік қолдау ретінде халықаралық ұйымдардың, коммерциялық банктер мен кәсіпкерлік құрылымдардың техникалық және гранттық көмегін тарту көзделеді.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер және оның индикаторлары

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде Қазақстан Республикасында 2011 жылға дейін халықаралық нормалар мен стандарттарға жауап беретін балалар жұртшылығының барлық санаттарының өмірі мен дамуының сапасын жақсарту үшін жағдай жасайтын балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың тиімді жұмыс істейтін қазақстандық жүйесі қалыптасады.

Бірінші кезеңде (2006-2008 жылдар):

Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелері бойынша тиісті өзгерістер мен толықтырулар әзірленеді және енгізіледі;

әлеуметтік қорғалмаған, күн көрісі төмен және көп балалы отбасыларға қолдау көрсететін әлеуметтік институттар ретінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын дамыту жөніндегі нормативтік құқықтық база әзірленеді;

сапалы білім және әлеуметтік қызметтер алуға балалардың құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша тұрақты мониторинг жүйесі енгізіледі;

пилоттық жобалар шеңберінде Әлеуметтік отбасын қолдау орталықтары, өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті мінез-құлық нысандарының алдын алу жөніндегі кәмелетке толмағандарға арналған орталықтар құрылады;

балалар үйлерінің 36 бітірушілерінің әлеуметтік бейімделуі үшін жағдай жасау мақсатында жасөспірімдер үйі ашылады;

2 облыста 96 баланы қамтитын отбасы үлгісіндегі 4 балалар үйі ашылады; қызығушылықтары бойынша бос уақыттарын қамтамасыз ету үшін балалар қоғамдық ұйымдарының желісі 30 %-ға кеңейтіледі.

Екінші кезеңде (2009-2011 жылдар):

әр түрлі ведомстволық бағыныстағы ұйымдар мен органдар қызметін мемлекеттік аттестаттауды жүргізу кезінде балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі құқықтық нормаларды орындау көрсеткіш ретінде е н г і з і л е д і ;

мүдделі ведомстволармен және үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық жолымен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі әдістемелік қ ы з м е т ж е т і л д і р і л е д і ;

денсаулық сақтау ісінің стандарттарына сәйкес балалардың барлық санаттарының медициналық қызметтер алуын тұрақты мониторингтеу және б а қ ы л а у ж ү й е с і е н г і з і л е д і ;

4 облыста жыл сайын әлеуметтік бейімдеу мен оңалтуға мұқтаж 2400 кәмелетке толмаған баланы қамтитын 4 оңалту орталығын ашу есебінен қадағалаусыз және панасыз қалған балалардың саны 43,5 %-ға төмендейді;

патронаттық тәрбиешілер саны 501-ден 800-ге дейін көбейеді; жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарды кезең-кезеңмен қысқарту қамтамасыз етіледі;

1115 жетім баланы және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды қамтитын отбасылық жағдайға жақындатылған жағдайда тұру үшін 8 облыста отбасы үлгісіндегі 9 балалар ауылы салынады;

балалар үйлерінің 940 бітірушілерін қоғамға кіріктіру мақсатында жағдай жасау үшін 7 облыста 14 жасөспірімдер үйі ашылады;

7 облыста 3704 баланы қамтитын отбасы үлгісіндегі 15 балалар үйі ашылады;
5 облыста мүмкіндігі шектеулі балаларды және мүгедек 1600 баланы қамтитын 8 мамандандырылған түзеу білім беру ұйымдары салынады; қызығушылықтары бойынша балалар қоғамдық ұйымдарын одан әрі дамыту жүзеге асырылады.

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

БАҚ - бұқаралық ақпарат құралдары

ҮЕҰ - үкіметтік емес ұйымдар

КТУОБОО - кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу

және оңалту орталығы

ЖІӨ - жалпы ішкі өнім

АҚТҚ - Адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышы